

## Қорғалжын ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 қантардағы № 1/45 шешімі

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 «Мемлекеттік қызметтің өтуінің кейбір мәселелері туралы» Жарлығына сәйкес, Қорғалжын аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Келесі Қорғалжын аудандық мәслихат шешімдерінің күші жойылды деп таңылсын :

1) Қорғалжын аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 қазандағы №7/40 «Қорғалжын ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешімі (№ 5085 нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік Тіркеу тізімінде тіркелген, 2015 жылдың 10 желтоқсанында «Нұр-Қорғалжын» аудандық газетте жарияланған);

2) Қорғалжын аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 қазандағы № 5/40 «Қорғалжын аудандық мәслихат аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» шешімі (№5084 нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік Тіркеу тізімінде тіркелген, 2015 жылдың 10 желтоқсанында «Нұр-Қорғалжын» аудандық газетте жарияланған).

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне еніп және қолданысқа енгізіледі

Аудандық  
мәслихат  
сессиясының төрағасы

Аудандық  
мәслихат  
Е.Қалдыбаев

Аудандық  
мәслихат  
хатшысы

Аудандық  
мәслихат  
Ө.Балғабаев